

Торайғыров университеті  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университет

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Педагогикалық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Педагогическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

---

**№ 3 (2020)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области педагогики,  
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Бегентаев М. М.

*д.э.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Абибуллаева А.,

*д.п.н., профессор*

Бурдина Е. И.,

*д.п.н., профессор*

Жумагаева Е.,

*д.п.н., профессор*

Фоминых Н. Ю.,

*д.п.н., профессор (Россия)*

Снопкова Е. И.,

*к.п.н., профессор (Белоруссия)*

Мирза Н. В.,

*д.п.н., профессор*

Донцов А. С.,

*доктор PhD*

Шокубаева З. Ж.,

*технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.35.07

<https://doi.org/10.48081/ILTK9656>**О. А. Абилова<sup>1</sup>, Е. И. Снопкова<sup>2</sup>**<sup>1</sup>Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

<sup>2</sup>А. А. Кулешов атындағы Могилев мемлекеттік университеті,

Белоруссия, Могилев қ.

## **ЛОГИКАЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Мақалада «логикалық-ақпараттық мәдениет» ұғымының қалыптасу әдіснамасының өзекті мәселелері талданады, оның анықтамасын құруға деген негізгі көзқарастар қарастырылады, қолданыстағы дефиницияларға сыни баға беріледі және оның функционалдық қыры ашылады.*

*«Мәдениет», «логика», «логикалық мәдениет», «ақпараттық мәдениет» ұғымдары жан-жақты талданып, олардың мазмұндық қыры ашылып, әрқайсысының мағынасы ашылды. Мәдениет ұғымының бірнеше анықтамалары беріліп, оларға салыстырмалы талдау жасалынды.*

*Мәдениет логикасының негізгі сипаттамасы өзіндік логикалық ой мен философиялық трактаттар бойынша емес, мәдениеттің тұрмыстық феномендері бойынша өрнектелді. Логикалық мәдениетті дамыту ғылыми дүниетанымды меңгеру, логикалық дұрыс ойлай білуді жетілдіру деп қарастырылды. Ақпараттық мәдениет уақыт өте келе әр тұлғаны дамытудың маңызды факторына айналатындығы және жалпы адам мәдениетінің көрсеткіші болып табылатындығы сипатталды. Жоғарыда айтылған мәдениет түрлерін қарастыра келе, «логикалық-ақпараттық мәдениет» ұғымының мәні ашылды.*

*Кілтті сөздер: мәдениет, логикалық мәдениет, ақпараттық мәдениет, логикалық-ақпараттық мәдениет.*

### **Кіріспе**

Білім беру жүйесіне жаңа ақпараттық технологиялардың енуі педагогикалық үрдісті ақпараттық тұрғыда қарауды қажет етеді, білім

алушылар ақпаратты алады, оны өңдейді және білім беру кеңістігінде қолданады. Педагогика теориясында ақпараттық ықпал қарқынды дамып келеді және бұл жалпы педагогикалық мәселелер қатарынан орын алып отыр. Оқу процесінде білім алу формалары білімді педагогикалық үрдісте ұсыну құралдары мен ақпаратты өңдеу әдістерімен, оқу-танымдық операцияларды, оқу мен оқыту әдістерін өзектендірумен, кең мағынасында – логикалық-ақпараттық мәдениетін дамыту әдістерімен түсіндіріледі.

**Максаты:** логикалық-ақпараттық мәдениеттің әдіснамалық қырларын ашу.

**Зерттеу нысаны:** логикалық-ақпараттық мәдениетті зерттеу үрдісі.

**Зерттеу әдістері мен нәтижелері**

Ғылыми-техникалық прогресс салыстырмалы тұрғыда жаһандық ақпараттық логикалық кеңістік арқылы білім алудың жаңа мүмкіндіктерін туындатып отыр. Ақпараттық процестерді қарқындату заманауи кезеңнің объективті заңдылығы болып табылады: хабарламаларды жеткізу жылдамдығы ұлғаяды, оны өңдеу жеделдетіледі, жаңа ақпараттар көлемі артады, оны ендіру тез жүреді. Ақпараттандыру процесінде құрылатын қоғамның ақпараттық-техникалық әлеуеті тек заманауи ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың даму деңгейімен ғана анықталмайды, ол көп жағдайда тұтас әлеуметтің, сондай-ақ жеке қарастырылатын тұлғаның да логикалық-ақпараттық мәдениет деңгейіне байланысты болады.

Заманауи адамның логикалық-ақпараттық мәдениетін дамыту деңгейі оның оңтайлы әлеуметтік бейімделуінің және кәсіби қызметінің нәтижелілігінің ажырамас шарты болып табылады.

«Логикалық-ақпараттық мәдениет» ұғымы «мәдениет», «логика», «логикалық мәдениет» және «ақпараттық мәдениет» ұғымдарымен тығыз байланыста қарастырылады. Сол себепті осы ұғымдардың пайда болуын эволюциялық тұрғыда сипаттап көрелік.

Кенестік энциклопедияда «мәдениет» ұғымын даму, білім беру, ағарту немесе техниканың, қоғамдық және саяси ұйымдардың жай-күйі, осы қоғамның білімділігі ретінде қарастырады [1]. Ал кең таралған сөздікте мәдениет ұғымын «адамзаттың өндірістік, қоғамдық және ақыл-ойға қатысты жетістіктерінің жиынтығы» ретінде сипаттайды [2].

Сонымен қатар, мәдениет деп қоғамдағы мінез-құлық ережелерін қарастыра отырып, мәдениетке мінез-құлық ережелерімен қатар білімді, білімділікті, білім жүйесін де жатқызамыз [3]. Әлем туралы білім, білімді жеткізу тәсілдері мен білімді меңгеру деңгейі болмайынша мәдениеттің болуы мүмкін емес.

Бүгінде мәдениет деп адам өмірінің көптеген құбылыстары: ойлауы мен сөйлеуі, іскерлігі, дағдысы мен шеберлігі, шығармашылық әрекеті, техника,

тұрмыстық заттар және т.б. түсіндіріледі. Кейде осы аталғандарды қандай да бір белгісі бойынша жүйелейді. Мысалы, өмірдің материалдық жағын айқындайды және мәдениетті өндірістің жай-күйімен және дамуымен байланыстырады. Не болмаса, керісінше, мәдениет деп тек қоғамның рухани саласын, оның дінін, өнерін т.б. атайды. Бірақ қоғамдағы құбылыстар адамзаттың өмір салты ерекшеліктерін сипаттайды да, мәдениет ұғымына анықтама немесе оның мәніне түсініктеме бере алмайды.

Кейбір ғалымдардың пікірінше, «... адамның тұрмысы мәдениет тұрмысымен ұштасады: адам өзінің нақты өмірінде, өзінің тікелей тұрмыстық жайы бар үйінде мәдениет әлеміне енеді және соған сіңеді» [4]. Кез-келген мәдениетке тән құбылыс, қандай уақыт аралығында немесе қандай да бір кеңістікте болмасын, мәдениет әрқашан адаммен байланысты, «мәдениет адамды өзіне тән етеді, не болмаса оның тұрмысын адам жасайды, оның тұрмысы адамның жанды іс-әрекетін қажет етеді, бұл мәдениеттің мәні мен мағынасын береді» [4, 21 б.].

Мәдениет ұғымы тарихи қалыптасудың ұзақ даму жолынан өтті. Мәдениет ұғымын алғашқы рет ғылыми тұрғыдан анықтауға философтар көңіл бөлді. Бірақ, өкінішке орай, «мәдениет» сөзі белгілі бір мойындалған термин ретінде қолданылмады, бар болғаны жаңа ұғымдардың синонимі ретінде ғана пайданылды.

Мәдениет – бұл өте күрделі феномен, оны теориялық тұрғыда түсінудің қысқаша тарихы бар. XVII ғасырда ғана мәдениет ұғымы қазіргі заманғы мағынасына жуық қолданыла бастады, ал XVIII ғасырда И. Гердер түрлі дәуірлер мен халықтар мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін зерттей бастады. Ғылым үшін бұл өте қысқа мерзім. Мәдениетті зерттеу әзірге әлі де қарама-қайшылықты, түрлі жіктеулер берілген, әр зерттеуші осы көпқырлы ұғымға өзінің көзқарасын білдіреді. Мәдениет құрылымын талдауға, оның заңдылықтарын анықтауға және тұжырымдауға мүмкіндік беретін категориялық аппарат енді ғана әзірленуде. Мәселен, А. Н. Быстров [3] қазіргі уақытта пайда болған мәдениеттің 500-ден астам анықтамасы оның толыққандығын және аяқталғандығын тұжырымдай алмайды деп атап өтті.

Мәдениет материалдық құндылықтар сипаттамасы мен адамзат қызметінің механикалық актілерінің жиынтығы ретінде, әр адамның бойындағы және тұлғалық бағдары ретінде қалыптасатын әлеуметтік құбылыс, әдістер мен механизмдер ретінде анықталады [5].

Мәдениет ұғымының бірнеше анықтамаларын қарастыруға болады:

– мәдениет адам қызметінің барлық түрлерінің, әдет-ғұрып, наным-сенімдерінің жиынтығы ретінде ұсынылатын анықтамалар;

– әр адамның өмірінің негіздерін айқындайтын, қоғамның дәстүрлері немесе әлеуметтік мұраларымен байланыстырылған анықтамалар;  
– адам мінез-құлқын реттейтін ережелер тұжырымдалған анықтамалар;  
– мәдениетті қоғамның өмір сүру мақсатында табиғи ортаға бейімделуінің кандай да бір құралы ретінде қарастыратын анықтамалар және т.т.б.

Кез келген әлеуметтік және мәдени құбылыстар – бұл, ең алдымен жеке тұлға әрекетінің нәтижесі, тек соның салдарынан қоғамдық сипатқа ие бола алады. Мәдени құбылыс – бұл жеке тұлға құратын феномен, ол бұқаралық санаға ықпал етеді және де жалпықоғамдық өзгеріс әкеледі. Егер бір адамның құрған не дайындаған үлгісін не моделін топ адам іске асыратын болса, онда мәдениет қоғамдық құбылыс болып табылады.

Мәдениетті тек қандай да бір іс-әрекет не қызмет нәтижесі деп қарауға болмайды, мәдениеттің өзі қызмет. Мәдениет дүниетанымдық, саяси, технологиялық, өндірістік, ақпараттық, адамзат қарым-қатынасының мәдениеті, экологиялық, құқықтық және т.б. деп жіктеледі.

Қызмет қоғамдық сипатқа ие болғанда, оның нәтижесінің тек осы индивид үшін ғана емес, сондай-ақ басқа адамдар үшін де мәні болғанда, мәдениеттің құраушы және қайнар көзі ретінде қарастырылады. Мәдениет ұжымдық немесе жеке формада жүзеге асқандығына қарамастан, қоғамдық қызметтің нәтижесі болып табылады.

XX ғасырдағы адамның мәдениеті мен өмірі біздің ақыл-парасатымызға, біздің жалпы ойлауымызға түбегейлі шабуыл жасады. Бұл дабыл логиканың ең тереңіне, ажырамас негізіне енеді. Ақыл-парасаттан бас тартпастан, оның іргетасын қайта қарастырып, қазіргі заманғы тарихи дабылға логикалық тұрғыда және ұтымды жауап беруге тырысудың өзі біздің жаңа ғасырымызға сай келетін мәдениеттің философиялық логикасы болып табылады [6].

Мәдениет логикасының негізгі сипаттамасы өзіндік логикалық ой мен философиялық трактаттар бойынша емес, мәдениеттің тұрмыстық феномендері бойынша өрнектеледі, ол XXI ғасырдағы адамдардың шынайы өмірінде, ғылыми оқыту идеясынан – мәдениет логикасы идеяларына логикалық қадам жасап қалыптасады.

Логика – бұл ішкі, көп жағдайда бейсаналық тұрғыда дұрыс ойлау. Адам баласының тұрмысында дұрыс ойлау күрделі рол атқарады. Адамның ойы дұрыс болу үшін, ол белгілі бір ережелерге, заңдарға бағынуға тиісті. Ойлау - адамның рухани тұрмысының ең жоғарғы формасы.

Ойлау мен таным қатар жүретіндіктен логика таным теориясымен (гносеологиямен) байланысады. Гегельдің логикасында дәл осы таным ойлаудың (түсінудің), ұғымдарды қалыптастырудың бірден бір формасы деп

танылады. Гегельдің логикасы бұл таным логикасы. Таным теориясы Гегельдің философиясында таза логика ретінде ұсынылған.

Логикалық мәдениетті мәдениеттің саналуан түрлерінің (құқықтық, экономикалық, ақпараттық және т.б.) бірі ретінде қарастыруға болмайды. Логикалық мәдениет мәдениеттің барлық түрлеріне олардың ажырамас бөлігі ретінде енеді. Мәдениет тілдесу арқылы жүзеге асады, сол секілді адамның материалдық немесе рухани қызметі ойлаусыз жүзеге асуы мүмкін емес. Осыдан шығатын түйін – әрбір жекелеген адамның өмірінде логикалық мәдениеттің мәні зор. Логикалық мәдениет – бұл жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениетінде көрініс табатын ойлау мәдениеті.

Логикалық мәдениет ойлау қызметінің құралдары, оның формалары мен заңдары туралы білімдердің нақты жиынтығынан; осы білімді ойлау практикасында қолдана білуден; өзінің және өзгенің ойын талдау дағдыларынан тұрады [7].

Қазіргі қоғам адамның түрлі өмірлік және өндірістік жағдайларда шешім табу және шешім қабылдау қажеттілігін туындатады. Өмірлік немесе өндірістік, сондай-ақ мектеп міндеттерінің шешімдерін іздестірумен байланысты шешім табу әдістері мен психикалық әрекет көп жағдайда ұқсас болып келеді. Сондықтан қазіргі ақпараттық қоғам өміріне дайындау үшін ең алдымен логикалық ойлауды дамыту қажет.

Логикалық мәдениет тума қасиет болып табылмайды, десек те барлық адамдар логикалық ойлау дағдыларын меңгереді. Бірақ олардың логикалық мәдениетінің деңгейі әрқашан бірдей бола бермейді, сондықтан оны мақсатты түрде қалыптастырып, дамыту қажет.

Логикалық мәдениетті дамыту – бұл, демек ғылыми дүниетанымды менгеру, логикалық дұрыс ойлай білуді жетілдіру деген сөз. Логикалық ойлау барлық мектептердің алдында тұрған мәселе және бұл барлық оқу пәндерін оқытумен байланысты шешілуі тиіс. Осы жұмысты жүргізу барысында оқушылардың жас ерекшелік мүмкіндіктерін ескеру және олардың түсінігіне лайықты материалдарды қолданған маңызды.

Ақыл-ойдың гносеологиялық шабытында адам, оның бар болмысы, оның мәдениетінің барлық түрлері (өнер, дін, заң, тарихтың өзі) танымдық ақыл-түсінікке шоғырланады [6, 75 б.]. Мәдениеттің барлық формаларының таным формасына шоғырлану шабыты жаңа дәуірдің мәдениеттану логикасынан тұрады.

Сонымен, «логика мәдениеті» мұрат еткен (шынайы) оқырманның (адамның) саналы болжамдарын көздейді. Осының өзі өзінің дедуктивті тізбегіне негізделген ойлаудан негізгі және жауапты логикалық ойлауға

жылжу болып табылады. Ғылыми (жүйеленген) формада емес, мәдениет формасында дамыған логика сұрақ-жауапқа толы авторлық ойлауды (оның логикалық сипаттамасы ретінде) қарастырады. Мәдениетті ойлау қандай да бір ойлау мүмкіндігін жәй «жіберіп алу» дегенді білдірмейді, бірақ басқаша ойлауда үнемі тындауды, яғни барлық логикалық тұрғыда негізделген тұжырымдарды (ұғымдарды) талап етеді. Логика мәдениеті оқырманды сабасына түсіріп, оған қалай дұрыс ойлау қажеттігін көрсетуді меңземейді, ол оқырмандық ойлаудың – жаңаны ұғынып, өзектендіруге бағытталған ойлаудың қайталанбас бастамасын тереңдетуден тұрады [6, 78 б.].

Логика мәдениеті, ең алдымен жаңаны ұғынуға және өзектендіруге бағытталған, адамның дұрыс ойлауы [8]. Ал ойлау жоғары танымдық психикалық процесс. Осы процестің мәні адамның шығармашылық бейнелеуі мен шынайылықты өзгертуі негізінде жаңа білімді туындатуынан тұрады.

Ойлаудың өзіне тән маңызды ерекшелігі сол, ойлау қашанда таным процесінде немесе практикалық іс-әрекетте туындайтын қандай да бір міндеттерді шешумен байланысты болады. Ойлау процесі шешімін табуды қажет ететін «проблемалық жағдайлар» туындаған сәтте ғана айқын көрініс таба бастайды. Ойлау қашанда сұрақтан басталады, ал жауап ойлаудың мақсаты болып табылады. Сұраққа жауап нақты ақыл-ой операцияларының көмегімен емес, қолданыстағы ақпаратты өзгерту және түрлендіру негізінде жүреді.

Адам ішінара өзінің, көп жағдайда өзгелердің ойлау әрекетін бақылай алады, оның өзі де логикалық ойлау ережелерін білген жағдайда орын алады. Ойлау балалық шақтан бастау алып, біртіндеп қалыптасады. Әр бала адамдармен қарым-қатынас жасай отырып, ойлау нормалары мен ережелерін меңгереді. Адам басқа адамдармен қарым-қатынаста тілдесуді қалай үйренетін болса, ойлауды да солай үйренеді. Адамдар өздерінің көзқарастарын қалыптастыратын нақты саяси, адамгершілік, эстетикалық және қоғам өмірінің басқа да салаларында тәрбиеленеді. Осылайша, ойлау мәдениет негізіне жатады.

Ойлаудың логикалық мәдениетіне тәрбиелеу маңызды, бұл мәселеге көп көңіл бөлінуде, десек те, әлі де зерттеуді қажет етеді[9].

Адамның қызметі мәдениетті туғызады. Бүгінде жаңа мәдениет – ақпараттық мәдениет қалыптасып жатыр. Қоғамды ақпараттандыру процесі әлемге жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді, бұл компьютерлік сауаттылықты және компьютерлік мәдениетті қалыптастыруды, адамның жалпы мәдениетінің элементі ретінде ойлаудың өзін өзгертуді талап етеді. Ақпараттық технологияларды қолдану барлық жаңашыл қызмет түрлерін



қайта түзудің айқындаушы шарты болып табылады, ал ақпарат әлеуметтік дамудың шешуші факторына айналады.

Қазіргі ақпараттық қоғам әлемдік масштабтағы технологиялық, экономикалық және саяси күштерге сүйеніп туындайтын жаһандық мәдениетпен және дәстүрлі технологиялар, дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық құрылымдар, саяси көзқарастар, діни, этникалық және тілдік кедергілерге негізделген аймақтық мәдениет арасындағы терең қарама-қайшылықтан тұрады.

Басқару ұйымдарында, зерттеулерде, өндірісте, экономикада, бизнесте және басқа да қызмет салаларында ақпараттар мен есептеуіш техника жетістіктерін нәтижелі қолдану үшін адамның зияткерлік мүмкіндігін «күшейтуге» ықпал ететін қағидаттар мен техникалық тәсілдердің жалпы сипатын білу қажет. Бұл, ең алдымен ақпараттық мәдениеттің нақты деңгейінің болуын көздейді. Жаңа технологиялардың жоғары деңгейі дәл осы мәдениет деңгейін көздейді. Сөз түйіні мәдениетті әмбебап құбылыс ретінде қарастыратын, еңбек мәдениеті мен бос уақытты, тұрмыстық мәдениет пен тұлғалық мәдениетті (саяси, құқықтық және т.б.) қамтитын жалпы мәдениет туралы, оның ішінде ақпараттық мәдениет туралы болып отыр. Біртұтас алғанда, бұл білім, өмірлік құндылықтар, әлеуметтік белсенділік, мінез-құлық және т.б. адамзат қарым-қатынасының жиынтығы.

Бүгінгі қоғам сауатты басқаруда қоғамның мақсат-міндеттерін түсініп қана қоймай, оларды жүзеге асыруға қабілетті жоғары білікті мамандарға, жоғары компьютерлік сауаттылығы бар, жаңа ақпараттық технологияларды меңгерген, яғни ақпараттық мәдениеті жоғары мамандарға мұқтаж. Ақпараттық мәдениет ақпараттық қоғамға өту жағдайында ең қажетті деп табылатын ақпараттармен жұмыс жасау тәсілдері саласындағы білім деңгейін көрсетеді: өздігінен ақпаратты меңгеру және жинақтау біліктілігі жеткіліксіз болып табылады.

Инфосферадағы ақпарат әрбір пайдаланушыға тікелей қол жетімді болуы тиіс. Бірақ, ол шын мәнінде қол жетімді болуы үшін пайдаланушының ақпараттық мәдениетімен, яғни инфосферадағы оның мінез-құлық мәдениетімен байланысты міндеттерді шешуі қажет. Басқаша айтқанда, адамдарда ақпаратпен қарым-қатынас мәдениетінің нақты деңгейі болуы керек. Осы фактінің көрініс ретінде ақпараттық мәдениет термині енгізілді.

Ақпараттық мәдениет дегеніміз ақпараттармен мақсатты түрде жұмыс жасау және оны алу, өңдеу, жеткізу үшін компьютерлік ақпараттық технологияларды, заманауи техникалық құралдар мен әдістерді қолдану біліктілігі [10].

Ақпараттық мәдениет мәселесі өзіне ақпараттық қажеттіліктерді, шектеулерді (өйткені адамның ақпаратты меңгеру мүмкіндігі шексіз) қарастырады, және де мамандарды оқыту мен қайта даярлау мәселелерінен тұрады [11].

Философиялық тұрғыдан, ақпараттық мәдениет ақпараттық процесстерді ұйымдастырудың қол жеткізілген деңгейі, адамдар қажеттілігінің ақпараттық қарым-қатынастағы қанағаттану дәрежесі, ақпаратты тиімді құру, жинау, сақтау, өңдеу және жеткізу деңгейі [10].

Ақпараттық мәдениет уақыт өте келе әр тұлғаны дамытудың маңызды факторына айналды және жалпы адам мәдениетінің көрсеткіші болып табылады. Бір жағынан, ақпараттық мәдениет өзінің мазмұнында адамның ақпараттық білімін (ен алдымен, ақпараттар жүйелер мен технологиялар туралы білімін) – оның ақпараттық санасының деңгейі және оларды практикалық тұрғыда қолдану деңгейі ретінде көрсетеді. Сондықтан адам ақпараттар ағынында еркін бағдарлауы үшін жалпы мәдениеттің құрауыштарының бірі ретінде ақпараттық мәдениетті меңгеруі тиіс. Демек, ақпараттық мәдениет – бұл адамзат қарым-қатынасының мәдениеті деуге болады.

Ақпараттық мәдениет адамның, қоғамның және ақпараттық ортаның арасындағы өзара қарым-қатынаста бірлік пен үйлесімділікті қамтамасыз етудің материалдық және рухани жолдарының жүйесі ретінде әрекет етеді.

Сонымен, ақпараттық мәдениет – бұл адамның өзінің күнделікті қызметінде тиісті ақпараттық технологияларды пайдалана білуі. Ол бүгінде қоғам мәдениетінің ажырамас бөлігі және бұл өркениетті дамудың объективті заңдарының көрінісі болып табылады.

### **Қорытынды**

Осылайша, жоғарыда қарастырылған «мәдениет», «логикалық мәдениет», «ақпараттық мәдениет» ұғымдарының мәнін талдау негізінде, біз адам өмірінің ерекше формасы ретінде «логикалық-ақпараттық мәдениет» ұғымын енгіземіз, бұл қоршаған әлем туралы білімді жеке ақпараттық қабылдаумен; қоғамда туындайтын мәселерді шешу үшін өзінің күнделікті ізденіс іс-әрекетінде, қажетті ақпараттық технологиялардың жиынтығын пайдалану біліктілігі мен дағдылары арқылы тұлғаның логикалық ойлауын дамытумен және шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асырумен байланысты.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

1 Малая советская энциклопедия. – М. : ОГИЗ РСФСР, 1940. – Т. 5. – С. 1051.

- 2 **Ожегов, С. И.** Орыс тілі сөздігі. – М., 1963. – 826 с.
- 3 **Быстрова, А. Н.** Мир культуры. Основы культурологии. – Новосибирск : ООО издательство ЮКЭА, 2002. – 712 с.
- 4 **Конев, В. А.** Философия культуры и парадигмы философского мышления // Философские науки. – 1991. – № 6.
- 5 **Платонова, Э.** Конспект лекций по культурологии. – М. : Айрис-пресс, 2003. – 304 с.
- 6 **Библер, В. С.** От наукоучения к логике культуры. – М. : Политиздат, 1991. – 132 с.
- 7 **Джарасова, Г. С.** Методические основы формирования логической культуры будущих информатиков : дисс. ...канд. пед.наук. – Алматы, 2010. – 27–28 б.
- 8 **Маклаков, А. Г.** Общая психология. – СПб. : Питер, 2002. – 592 с.
- 9 **Хинчин, А. Я.** Педагогические статьи. – М. : Изд-во АПН РСФСР, 1963. – С. 128–160.
- 10 **Артюшин, О. В., Скибицкий, Э. Г.** Формирование информационной культуры личности обучающихся/Авт. Артюшин О. В., Скибицкий Э. Г. – Абакан : Издательство Хакасского государственного университета им. Н. Ф. Катанова, 2004. – 112 с.
- 11 **Зыков, В. В.** Основы информационной культуры. – Тюмень : Тюм. ГУ, 1999. – 196 с.
- 12 **Суханов, А. П.** Информация и прогресс. – Новосибирск : Наука, 1988.

## References

- 1 Malaya sovetskaya e`nciklopediya [Small Soviet Encyclopedia]. – Moscow : Ogiz RSFSR, 1940. – Vol. 5. – P. 1051.
- 2 Ozhegov S. I. Orys tili sozdigi [Dictionary of the Russian language]. – Moscow, 1963. – P. 82.
- 3 **Bystrova, A. N.** Mir kul'tury`. Osnovy` kul'turologii [Mir Kultury. Fundamentals of cultural studies]. – Novosibirsk : UKEA publishing house, 2002, – 712 p.
- 4 **Konev, V. A.** Filosofiya kul'tury` i paradigmy` filosofskogo my`shleniya [Philosophy of culture and paradigms of philosophical thinking]. In Philosophical Sciences. – 1991. – No. 6.
- 5 **Platonova, E.** Konspekt lekcij po kul'turologii [Summary of lectures on cultural studies]. – Moscow : Iris-Press, 2003. – 304 p.
- 6 **Bibler, V. C.** Ot naukoucheniya k logike kul'tury` [From science to the logic of culture]. – Moscow : Politizdat, 1991. – 132 p.

7 **Dzharasova, G. S.** Metodicheskie osnovy` formirovaniya logicheskoy kul'tury` budushhix informatikov [Methodological bases of formation of logical culture of future informatics]. Diss. ... candidate of pedagogical sciences. – Almaty, 2010. – 27–28 p.

8 **Maklakov, A. G.** Obshhaya psixologiya [General psychology]. – SPb. : Piter, 2002. – 592 p.

9 **Khinchin, A. Ya.** Pedagogicheskie stat'i [Pedagogical articles]. – Moscow : APN RSFSR publishing House, 1963. – P. 128–160.

10 **Artyushin, O. V., Skibitsky, E. G.** Formirovanie informacionnoj kul'tury` lichnosti obuchayushhixsya [Formation of information culture of students' personality] – Abakan : Khakass State University named after N. F. Katanov, 2004. – 112 p.

11 **Zykov, V. V.** Osnovy` informacionnoj kul'tury` [Fundamentals of information culture]. – Tyumen : Sci. GU, 1999. – 196 p.

12 **Sukhanov, A. P.** Informaciya i progress [Information and progress]. – Novosibirsk : Nauka, 1988.

Материал 30.09.20 баспаға түсті.

*O. A. Абилова<sup>1</sup>, E. И. Снопкова<sup>2</sup>*

### **Методологические аспекты логико-информационной культуры**

<sup>1</sup>Торайғыров университет,  
Республика Казахстан, г. Павлодар.

<sup>2</sup>Могилевский государственный университет имени А. А. Кулешова  
г. Могилев, Белоруссия.

Материал поступил в редакцию 30.09.20.

*O. A. Abilova<sup>1</sup>, Y. Snapkova<sup>2</sup>*

### **Methodological issues of logical-information culture**

<sup>1</sup>Toraighyrov University,  
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

<sup>2</sup>A. Kuleshov Mogilev State University  
Belarus, Mogilev.

Material received on 30.09.20.

*В статье анализируются актуальные проблемы методологии формирования понятия «логико-информационная культура», рассматриваются основные подходы к его определению, дается*

*критическая оценка существующих дефиниций и раскрывается их функциональная структура.*

*Подробно проанализированы понятия «культура», «логика», «логическая культура», «информационная культура», раскрыты их содержательные грани, раскрыт смысл каждого из них. Дано несколько определений понятия культуры, проведен их сравнительный анализ.*

*Основная характеристика логики культуры выражалась не по собственной логической мысли и философским трактатам, а по бытовым феноменам культуры. Развитие логической культуры рассматривалось как овладение научным мировоззрением, совершенствование логически правильного мышления. Было описано, что информационная культура со временем становится важнейшим фактором развития каждой личности и является показателем культуры человека в целом. Рассматривая вышеперечисленные виды культуры, раскрыта сущность понятия «логико-информационная культура».*

*Ключевые слова: культура, логическая культура, информационная культура, логико-информационная культура.*

*The article analyzes the current problems of the methodology of forming the concept of «logical and information culture», considers the main approaches to the construction of its definition, gives a critical assessment of existing definitions and reveals their functional structure.*

*The concepts of «culture», «logic», «logical culture», «information culture» are analyzed in detail, their content facets are revealed, and the meaning of each of them is revealed. Several definitions of the concept of culture are given, and their comparative analysis is carried out.*

*The main characteristic of the logic of culture was expressed not by its own logical thought and philosophical treatises, but by everyday phenomena of culture. The development of logical culture was considered as mastering the scientific worldview, improving logically correct thinking. It was described that information culture over time becomes the most important factor in the development of each individual and is an indicator of the culture of a person as a whole. Considering the above types of culture, the essence of the concept of «logical and information culture» is revealed.*

*Keywords: culture, logical culture, information culture, logical-information culture.*

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 19.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,66 Мб RAM

Шартты баспа табағы 36,5.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3701

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 19.10.2020 г.

Электронное издание

2,66 Мб RAM

Усл.п.л. 36,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3701

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz